

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

Саудалық атауы

Лантиген Б

Халькарулік патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы

Ішуге арналған тамшылар, 18 мл

Фармакотерапиялық тобы

Респираторлық жүйе. Тыныс алу мүшелерінің ауруларын емдеуге арналған басқа препараттар.

АТХ коды R07AX

Қолдануы

Ерекшелігі

- тыныс алу жолдарының қайталанатын инфекциясы профилактикасы үшін; инфекциялық көрінестер айқындылығын, жиілігін азайту үшін

Балаларға

- осы жастағылар үшін күтілетін аурудың ең көп жағдайлары болатын балаларда тыныс алу жолдарының қайталанатын бактериялық инфекциялар профилактикасы үшін. Препарат инфекциялық көрінестердің айқындылығы мен жиілігін азайтуы мүмкін

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың көз келген компонентеріне аса жоғары сезімталдық

- аутоиммундық аурулар

- жедел ішек инфекциялары

- 3 айға дейінгі балалар

- жүктілік және лактация кезеңі

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

-ішуге арналған, тіл астына

- пайдаланар алдында құтыны шайқау керек. Қалқып жүрген шөгінділер (тіпті сілкігеннен кейін де) болуы мүмкін.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған.

Иммундық реакциялары иммуносупрессивті терапия немесе кортикостероидтармен емдеген кезде, туа біткен немесе жүре пайда болған иммунитет тапшылығы бар пациенттерде төмендеуі мүмкін.

Арнайы ескертулер

Лантиген Б препараттың қабылдау қызба жағдайында тоқтатылуы тиіс, әсіресе емнің басында. Жедел респираторлық аурулардың басталуымен байланысты емес температураның 39°C-ден аса көтерілуі сияқты сирек жағымсыз әсерлер болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда ем тоқтатылуы тиіс және қайта жаңғыртуға болмайды. Құрамында бактериялық экстрактылері, спецификалық емес иммуномодуляциялайтын белсенділер бар басқа дәрілік заттарды қатар қабылдаудан аулақ болу керек. Құрамында бактериялық экстрактылері бар дәрілік заттарды қабылдағаннан кейін ананездіре бронхтық демікке ұстамалары бар пациенттерге Лантиген Б қабылдауға болмайды. Жоғары сезімталдық реакциялар жағдайында емді дереу тоқтату керек және қайта жаңғыртуға болмайды. Препараттың құрамына кіретін натрий метилпарагидроксибензоат аллергиялық реакцияны (бау түрде болуы мүмкін), ал жөелеген жағдайларда бронхтық түлілуді туындатуы мүмкін.

Жүктілік және лактация кезінде

Жүкті және емшек емізетін әйелдерде Лантиген Б пайдалану жөнінде деректер жеткіліксіз. Препарат жүктілік және лактация кезеңінде қарсы көрсетілмеде.

Препараттың көлік қурауын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Автомобильді және басқа да механизмдерді басқару қабілетіне препараттың әсері байқалмады. Бірақ, арнайы зерттеулер жүргізілмегені ескеру керек.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

1мл құрамында 22 тамшы бар.

3 айдан 10 жасқа дейінгі балаларға: дозатарды екі рет басқанда алынатын препарат мөлшеріне (15 тамшы) сәйкес келетін бір доза, тіл астына, күніне бір рет (таңертең) немесе дозатарды бір рет басқанда алынатын препарат мөлшеріне (7-8 тамшы) сәйкес келетін дозаның жартысын күніне екі рет (таңертең және кешке), Сөбілерге және препаратты жұптастан, ауыздарында ұстап тұра алмайтын балаларға ұйықтап жатқан кезде тамшыны астыңғы ерін мен астыңғы жақтың арасына енгізеді.

Ересектер мен 10 жасан асқан балаларға: дозатарды екі рет басқанда алынатын препарат мөлшеріне (15 тамшы) сәйкес келетін бір доза, тіл астына, күніне екі рет (таңертең және кешке).

Пайдаланар алдында құтыны шайқау керек. Қалқып жүрген шөгінділер болуы мүмкін (тіпті сілкігеннен кейін де).

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Құтыны мұқият шайқаңыз және қақпақтың ортасына орнатылған пластик ұшықты ұстап тұратын пломбаны сындырыңыз, құтыны бұрау кезінде оны тартып және толғылған жұлып алыңыз.

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау комитеті»
РММ төрағасының
2021 ж. «17» қыркүйек
№ N043009 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қақпағын ашыңыз, құтыны төменнен жоғары қарай теңгеріңіз, одан кейін сұқ саусақ пен бас бармақтың арасында дозатарды қысыңыз және дозатарды баса отырып, тамшының қажетті мөлшерін тамызыңыз.

Енгізу әдісі және жолы

Ішуге арналған, тіл астына.

Суспензия сілекейде жақсылап еруі үшін әр дозаны ауызда жұптастан, 2 минут бойы ұстау керек, осылайша, препараттың сіңіну жөнілдетеді.

Емдеу ұзақтығы

Қабылдау ұзақтығы көрсетілген дозаға сәйкес балалар үшін бір құтыны (18 мл) немесе ересектер үшін екі құтыны (36 мл) құрайды. Емдеу ұзақтығы 2-3 апта. Соңында, қайталанған курсы көрсетілген дозаға сәйкес ересектер үшін 1 құтыны немесе балалар үшін жарты құтыны пайдалануы жүргізіледі.

Артық дозаланған жағдайда қолданылуы қажет шаралар

Артық дозалану жағдайлары байқалмаған.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкерге кеңес алу үшін хабарласыңыз.

Препаратты қолдану туралы сұрақтар туындаған жағдайда емдеуші дәрігерге қаралыңыз.

Дәрілік препаратты стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Сирек

- ринорея

- іш қату, іштің ауыруы

- еш себепсіз температураның көтерілуі (≥ 39°C)

- аса жоғары сезімталдық реакциялары (әсекем, ангионевроздық ісіну), бронх түйілуі

- бронхтық демікке ұстамалары және жөтел

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаса медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламалары қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласыңыз

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сарптау ұлттық орталығы» РМҚ ШЖҚ

<http://www.ndpa.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір мл препараттың құрамы

белсенді заттар: антигенді экстрактылер:

Staphylococcus aureus 79.6 ХБ,

Streptococcus pyogenes (А тобы) 126.2 ХБ,

Streptococcus pneumoniae (3 түпі) 63.2 ХБ,

Haemophilus influenzae (В түпі) 50.22 ХБ,

Branhamella catarrhalis 39.9 ХБ,

Klebsiella pneumoniae 39.8 ХБ,

қосымша заттар: полисорбат 80, натрий метилпарагидроксибензоаты, хлоргексидин диацетаты, тазартылған су.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Сұр-қоңыр түсті бозандатын суспензия

Шығарылу түрі және қаптамасы

Препарат 18 мл және пластмасса қақпақпен тығындалған, тамшылатқыш- дозатармен жабықталған сары түсті шыны құтыда. 1 құты медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған.

Сақтау мерзімі

3 жыл. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Видіруші туралы мәлімет

«Bruschettini S.r.l.» Via Isonzo 6, 16147 Генуя – Италия. Тел./факс: + 39 010 381 222. Электронды поштасы: regolatorio@bruschettini.com

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Сэлтфар ЛТД, Ұлыбритания Berkeley Square House, office 132, Лондон, W1J 6BD) Тел./факс: +44(0)207 9691421, Электронды поштасы: info@selftar.co.uk

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атағы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Сэлтфар ЛТД» өкiлдiгi Алматы қ.к., Әл-Фараби дағ. 5, Нұрлы Тай 1А, 301 кеңсе. Тел/факс +7 (727) 311 16 28. Электронды поштасы: info@selftarfer.kz

